



Г.С. Жундибаева

Бекітемін _____
«Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» МҚКҚ

Меніңгерушісі Г.С.Жундибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылында арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары «Еркетай» ортаңғы тобы

2022-2023 оқу жылы

Білім беру ұйымы: «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы топ «Еркетай»

Балалардың жасы: 3 жас

2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті	Күні
Қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспабымен: сыбызғымен таныстыру	07.09 14.09 21.09 28.09
Қазан	Музыка тыңдау: музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспабы металлофонмен таныстыру	05.10 12.10 19.10 26.10
Қараша	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптары қоңырау, сылдырмақпен таныстыру.	02.11 09.11 16.11 23.11 30.11
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон, маракас,) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізуге үйрету (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыка алық аспаптары маракас және барабанмен, сондай-	07.12 14.12 21.12 28.12

	ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	
Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып, олармен бірге ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	04.01 11.01 18.01 25.01
Ақпан	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	01.02 08.02 15.02 22.02 29.02
Наурыз	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық сүйемелдеумен ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.	07.03 14.03 28.03
Сәуір	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды меңгеруге ықпал ету.	04.04 11.04 18.04 25.04
Мамыр	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.	02.05 16.05 23.05

	Ән айту: Әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	
--	--	--